«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Маралбек Ермұхаметтің «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде)» атты диссертациясына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Тіл қоғам дамуының барлық кезеңдерінде де өзекті болғаны белгілі. Десе де ел билігін ұлт ретінде қайта қолға алып, Тәуелсіздік тұғырын нығайтып жатқан қазақ қоғамының қазіргі жағдайында тілдің маңызы бұрынғыдан да артық. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінің тарихы мен болашағына арналған кез-келген ғылыми зерттеулер – аса маңызды. Бұл – қазақ тілінің ғылыми базасын нығайтуға жасалған ең ұтымды қадым.

Әлемтану, ғаламтану аспектілерінің бірі – мөлшер. Сондықтан адамзаттың рухани ізденістерінің бір ұшы осы «мөлшер» ұғымымен байланысып жатады. «Мөлшер» таным мен заттардың даму үдерісінде міндетті түрде болатын қасиет болғандықтан, ежелгі дәуірлерден бері көптеген ғалымдар мен философтардың зерттеу нысанына айналып келді. Дәуір алмасып, зерттеулер тереңдеген сайын, мөлшер категориясы философиядан басқа да ғылымдардың зерттеу нысанына айналып, масштабы одан сайын өрістеді. Солардың бірі – лингвистика. Міне, бұл аталған категорияның ауқымдылығы мен өзектілігін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде мөлшер категориясы Ахмет Байтұрсынұлы зерттеулерінен бастау алып, одан кейінгі кезеңдерде жалғасын тауып келсе де, «мөлшер» тілдік табиғаты тыңғылықты зерттелмеген ұғымдардың бірі болып келді. Соның салдарынан болса керек, мөлшер семантикасы «сын» грамматикалық семантикасы аясында қарастырылып, мөлшерлік бірліктер сын есім ретінде танылып келді. Шын мәнінде, заттың сыны мен мөлшері – екі басқа дербес ұғымдар. Мөлшер категориясы жалпытілдік, ұғымдық категория болғандықтан, оның ішкі құрылымы мен мазмұны сан салалы.

Қазақ тіл білімі қазіргі таңда жаңа деңгейге көтеріліп, құрылымдық парадигмадан антропоөзекті парадигмаға ауысты. Тілдік құбылыстарды зерттеу формадан мазмұнға қарай бағытталып отыр. Пәнаралық зерттеулер мен тілді тұтас жүйе ретінде әр даму кезеңдерімен, әр деңгейлерімен байланыстыра қарау тенденциясы басымдық алып отыр. Бұған дейінгі зерттеулерде мөлшер категориясы тілдің бір ғана тарихи даму кезеңі немесе тілдің синхронды қабаты аясында қарастырылып келгендіктен, тілдік табиғаты толыққанды танылмады. Бұл диссертациялық жұмыс осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Зерттеу лингвистиканың тарихи-салыстырмалы, антропоөзекті, құрылымдық парадигмаларын бірдей қамтитын интегративті

бағытта жүргізілген. Сондықтан зерттеу жұмысы қазіргі ғылыми зерттеулердің бағыты мен сапасы деңгейіне сәйкес келеді.

Қазіргі кезеңде еліміздің тілдік саясаты қазақ тілін қақтығыстар нысаны емес, бірлік, келісім ұйытқысы ретінде орнықтыруға бағытталған. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы халыққа жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деді. Бұл міндеттердің орындалуы, ғылым саласы үшін, қазақ тілінің ғылыми негізін, базасын нығайтумен ұштасады. Қазақ тілінің функционалды әлеуеті ұғымдардың тілдік кеңістікте категорияланuуымен байланысты болса, оның ішкі мазмұны толық ашылып, ғылыми тұрғыдан негізделуі осындай интегративті зерттеулерге тәуелді. Тарихи құндылықтар көбіне тілге кодталады. Ал рухани кеңістіктегі осы тілдік кодтардың бірі – әлемді «мөлшер» ұғымы аясында тану. Осы тұрғыдан келгенде, мөлшер категориясын зерттеудің өзектілігі, еліміздің тілдік саясатымен ұштасып жатқаны анық көрінеді.

Гуманитарлық ғылымдардың бірнеше саласы мен аспектісін, қазақ тілі дамуының бес тарихи кезеңін қамтитын күрделі міндеттерге құрылған бұл зерттеу қазақ тіл білімінің түйінді мәселелерін тереңірек талдау, тұжырымдар мен таным кеңістігін қалыптастыру жағынан өзекті.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу «Ғылыми дәреже беру ережелерінде» көсетілген талаптар деңгейінде жүзеге асырылған, ғылыми жұмыс талаптарына толық сәйкес келеді. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен қосымшадан тұрады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – мөлшер категориясының тарихи парадигмасын лингвистикалық аспектіде анықтау. Ізденуші қойылған мақсатқа сәйкес төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1) Қазақ және әлем философтарының тұжырымдары негізінде мөлшер категориясының философиялық мәнін жинақтап көрсетеді және оның таным үдерісіндегі анықталу, зерттелу тарихын кесте түрінде құрастырады;

2) Мөлшер категориясының тілдік жүйедегі он түрлі логика-семантикалық формасын, он бір түрлі микроөрісін анықтайды;

3) Қазақ тілінің бес тарихи даму кезеңіне (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ.) тиесілі мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің мол түрлері беріледі. Олардың функционалды-семантикалық, функционалды-грамматикалық ерекшеліктері, ішінара этимологиясы анықталады;

4) Қазақ тілінің бес тарихи даму кезеңдері (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ.) бойынша мөлшер семантикасын берудің әдіс-тәсілдері, жасалу жолы, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен ортақ белгілері анықталады;

5) Мөлшер категориясының поэтикалық тілдегі ерекшелігін XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының тілдік материалдары негізінде анықтайды. Мөлшер семантикасының эпитет, теңеу, метафора, перифраз сияқты лингвистикалық әрі көркем әдеби тәсілдер арқылы берілу жолдарын

көрсетеді. Мөлшер категориясының көркем тіл кеңістігінде де өріс құрайтынын дәйектей келіп, «поэтикалық мөлшерлік» ұғымын негіздейді;

6) Қазақ тілінің бес тарихи даму кезеңдеріне (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ.) тиесілі тілдік деректер арқылы мөлшер категориясының тарихи парадигмасын құрастырады. Ол диссертацияның қосымшасында он түрлі ұғым аясында кесте түрінде беріледі.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші зерттеу жұмысында алты негізгі ғылыми нәтижеге қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтиже шынайы және толық дәлелденген. Ізденуші зерттеу тақырыбын терең және жүйелі ашу үшін зерттеудің құрылымын дұрыс құрастыра алған. Философия барлық ғылымдар мен ғылыми зерттеулер үшін методологиялық мән арқалайтынын жақсы түсініп, зерттеу жұмысын мөлшер категориясының философиялық мәнін ашудан бастайды. Антикалық дәуірден бергі әлемдік ақыл-ойдың үздік өкілдерінің дәйекті тұжырымдарын қазақ философиясының дәстүрлі және қазіргі заман өкілдерінің тұжырымдарымен сәтті байланыстыра отырып, қорытынды жасайды. Соның нәтижесінде адамзат руханияты тарихындағы мөлшер категориясы мәнінің анықталу тарихын, кезеңдерін, деңгейлерін кесте түрінде жинақтап, сәтті көрсетеді.

Екінші ғылыми нәтиже шынайы және толық дәлелденген. Ізденуші мөлшер категориясының философиялық мәнін дәйектегеннен кейін, оның таным кеңістігіндегі логика-семантикалық формасына назар аударған. Нәтижесінде «мөлшер» ұғымының тіл мен танымның өзара әрекеттестігінен туатын он түрлі құрылымдық түрін ұсынады және оны қоғамдық қатынастар мен тілдік қолданыстарда кездесетін нақты мысалдармен негіздей алған.

Үшінші ғылыми нәтиже шынайы және толық дәлелденген. Тілдік зерттеулер мол және мұқият сұрыпталған шынайы тілдік фактілерге иек артады. Әдетте көптеген тарихи тақырыпқа арналған зерттеулер бір ғана тілдік жәдігерлер аясында жүргізіледі. Ал бұл зерттеудің нысаны тілдің ұғымдық кеңістігі болғандықтан, оның шеңберіне енетін тілдік дереккөздердің саны мол болған. Ізденуші тек түркілік кезең (V–XIV ғғ.) бойынша 13 тарихи жәдігерді тілдік дереккөз ретінде қарастырған. Ал қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдерінде (XV–XX ғғ.) жыраулар поэзиясының барлық үлгілерін, қазіргі заман қазақ тілінің көптеген тілдік фактілерін дереккөз ретінде пайдаланған. Осы тұрғыдан келгенде, ізденушінің тақырыптың ауыртпалығын көтере біліп, аса ыждаһаттылық пен ұқыптылық танытқанын аңғаруға болады. Барлық тарихи кезеңдерді қоса алғанда, 1246 тілдік бірлік, 1590 мысал, 193 картотека жинағаны айтылады. Тілдік деректердің санына қарағанда, жұмыста олардың аса қажетті, сұрыпталған бөлігі ғана пайдаланылғанға ұқсайды. Тілдік фактілер осынша мол болғандықтан, тұжырымдар, талдаулар дәйекті, сенімді болып шыққан. Жинақталған бұл тілдік фактілер қоры зерттеуді болашақта одан сайын тереңдетуге мол мүмкіндік береді.

Төртінші ғылыми нәтиже шынайы және толық дәлелденген. Жұмыста әр тарихи кезеңнің тілдік фактілері жеке-жеке тіл деңгейлері бойынша талдана

келіп, әр тарау соңындағы қорытынды мен талдаулардан кейін жасалатын тұжырымдарда мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің берілу тәсілдеріндегі ұқсастықтар мен айрым белгілер тиянақты көрсетілген. Қай кезеңде қай тәсіл басымдық алатыны және оның себептері туралы ізденушінің өзіндік тұжырымдары қажетті ғылыми сілтемелер мен тілдік дереккөздер арқылы жақсы дәйектелген.

Бесінші ғылыми нәтиже шынайы және толық дәлелденген. Әдетте функционалды грамматикада категориялардың семантикалық өрістері поэтикалық тіл кеңістігінде қарастырылмайды. Өріс теориясында тура мағыналы, бейтарап стилдегі сөздер басымдық алады да, образды, бейнелі сөздер тұрақты құрылым ретінде өрістің шеткері аймақтарында ескерусіз қалып қояды. Бұл кейде зерттеу нысаны етілген категорияның ішкі табиғатына да байланысты. Диссертациялық жұмыста «мөлшер» ұғымдық категориясы поэтикалық тіл кеңістігінде де көркемдік тәсілдер арқылы өріс құрайтыны нанымды тұжырымдармен жақсы негізделген. Зерттеуде мөлшер категориясының тарихи парадигмасын құрайтын XV–XVIII ғасырлар кезеңі тек поэтикалық мәтіндерден тұратындықтан, төртінші нәтиже мен бұл кезең сәтті сәйкестік тапқан. Категорияның тарихи дамуының бір кезеңдерінде бейтарап тіл бірліктері, енді бір кезеңінде образды тіл бірліктері басымдық алатыны дәйектелген. Бұл кезеңде тіл бірліктерінің функционалды-семантикалық әлеуеті шынайы көрініс тапқан.

Алтыншы ғылыми нәтиже шынайы және толық дәйектелген. Ізденушінің көздеген соңғы межесі мөлшер категориясының қазақ тіл дамуының барлық тарихи кезеңдеріндегі ерекшеліктерін анықтай отырып, тілдегі тарихи парадигмасын құрастыру болған. Ізденуші көздеген межеге жеткен. Мөлшер категориясының он түрлі микромөлшер ұғымдарын анықтай отырып, әр тарихи кезеңдерге тиесілі мөлшер мәнді тілдік бірліктерді сол микромөлшер ұғымдары аясында, тіл деңгейлері, сөз таптары, тарихи кезеңдер бойынша жүйелеп, кестеге сәтті түсірген. Тілдік интуицасы бар кез келген оқырман бұл кестелер арқылы мөлшер категориясының тарихи даму картинасын көре алады және алғашқы танымдық түсінік қалыптастырады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Ізденуші диссертациясында ғылыми нәтижелерге сәйкес бес түрлі тұжырым ұсынады.

Бірінші тұжырым – ішінара жаңа. Мөлшер категориясының байырғы категориялардың бірі екені – антикалық кезеңдерден бері философтар тарапынан айтылып келе жатқан тұжырым. Алайда мөлшер категориясына тілдік тұрғыдан келгенде, мөлшер семантикалы тілдік бірліктерде халықтың, этностың, ұлттың тарихы, дүниеге көзқарасы, өмірлік құндылықтары, дүниені мөлшерлік тұрғыдан танудың кодтары сақталатындығы – жаңашылдығы бар тұжырым. Бұл тұжырым бұған дейінгі зерттеулерде ғылыми және тілдік фактілермен жан-жақты дәйектелмеген.

Екінші тұжырым – жаңа. Мөлшер категориясы бұған дейін, тіл дамуының барлық кезеңдері қамтылған, тарихи-салыстырмалы аспектіде

қарастырылмаған. Сондықтан тарихи кезеңдердегі мөлшер категориясының семантикалық өрісі, мөлшер семантикасының берілу тәсілдері анықталмай келген. Ізденуші диссертациясында барлық тарихи кезеңдердегі мөлшер мәнді тілдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін талдап қана қоймай, берілу тәсілдерін өзара салыстырған. Нәтижесінде, мөлшер семантикалы тілдік бірліктер құрылымдық, семантикалық дамуға ие болғанымен, семантиканы берудің көркемдік амалдары, грамматикалық әдіс-тәсілдері барлық кезеңдерде ұқсас екенін сенімді тілдік фактілермен анықтаған.

Үшінші тұжырым – жаңа. Бұл тұжырым тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның ара қатынасын танытады. Әдетте дүниені тілдік тұрғыдан танудың бастауында образды (метафоралы) ұғымдар тұра ма, әлде нақты ұғымдар мен мағыналар тұра ма деген сұрақ жиі қойылады. Ізденуші аталған сұраққа өз тақырыбы аясында осы тұжырымы арқылы жауап береді. Бұл тұжырым тілдің қоғамдық қызметімен де байланысты. Тіл адамзат қоғамының ең алғашқы сатысында тек қарым-қатынас (тілдік) құралы қызметін атқарса, тілдік қолданыстардың өрісі ұлғайып, мазмұны байып, адамдар арасындағы тіршілік қатынастары күшейген сайын, онда жаңа қызметтер пайда болатынын меңзейді. Сондықтан мөлшер семантикалы тілдік бірліктер алғашында нақты, тура мағыналарды білдірсе, қолданылу жиілігі артқан сайын онда жаңа қызметтер (эстетикалық т.б.) туындайтыны нанымды негізделген. Сондай-ақ мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің құрылымдық-семантикалық жағынан ұдайы айнымалы даму үдерісінде болатыны да материя мен сана дамуының диалектикалық байланысы тұрғысынан көрсетілген. Егер ізденуші тақырыпты зерттеу барысында барлық тарихи кезеңдерді тұтасымен қарастыра алмағанда, жоғарыдағы сұрақтарға жауап беруі де, оны анықтауы да қиынға соғар еді. Сондықтан ізденушінің бұл тұжырымының жаңашылдығы жоғары, тілдік талдаулармен сенімді дәйектелген.

Төртінші тұжырымның жаңашылдығы жоғары. Бұл нәтиже үшінші тұжырымды дәлелдей, нақтылай түседі. Дәстүрлі қазақ қоғамында тілдің эстетикалық қызметі айрықша жоғары болғаны белгілі. Тілді халқымыз өнер алды деп бағалап, қадір тұтқан. Тілге байланысты бұл құрмет оның әсерлілік, бейнелілік, дәлдік қуатын саналы түрде сезінуден туған. Қашан да ұғымдық категорияларға тиесілі тілдік бірліктер образдар жүйесін беруге икемді келеді. Ізденуші зерттеу нысаны еткен мөлшер категориясының осы қырын жақсы байқап, мөлшер мәнді тілдік бірліктердің образдар жүйесіндегі функционалды әлеуетін көптеген мысалдар арқылы нанымды көрсете білген. Әдетте функционалды стиль түрлері өзіне тән тілдік құрылымдар мен ішкі мазмұндық ерекшеліктерге ие. Осы тұрғыдан келгенде, мөлшер семантикасының тілдік құрылымдары да көркем әдеби стильде өзгеше болатыны даусыз. Ізденуші жыраулар поэзиясының (XV-XVIII ғғ.) көркемдік жүйесі мен образды тіл кестесіндегі «мөлшер» ұғымының көрінісін, әдіс-тәсілдерін тыңғылықты талдаған. Эпитет, метафора, теңеу, перифраз тәсілдері арқылы мөлшер ұғымы көркем тіл алаңында өріс құрайтынын жаңалық ретінде ашқан. Ізденушінің бұл нәтижесін бағалауға тұрарлық.

Бесінші тұжырым – жаңа. Зерттеу нысаны етілген мөлшер мәнді тілдік бірліктер тілдің тарихи даму үдерісінде интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалында болады. Ізденуші осы факторларды жинақтай келе, *лингвомәдени бағыт* және *логика-танымдық бағыт* деп екіге бөледі. Яғни мөлшер категориясының мазмұнына, мөлшер мәнді тілдік бірліктердің құрылымдық, семантикалық дамуына негіз болатын екі арнаны көрсетеді: этностың, халықтың, ұлттың мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі қандай және қай деңгейде болса, соған сай мөлшер мәнді тілдік бірліктер тілдік қолданыста қалыптасатынын; Рухани құндылықтар алмасқанда, сол құндылықтарды көрсетуге бағытталған мөлшерлік бірліктер жанданып, ескі құрылымдар мен мазмұндарға өзгерістер ене бастайтынын айтады. Ізденушінің бұл тұжырымы мөлшер категориясының тарихи парадигмасының ішкі мәнін ашып береді.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертацияда алынған нәтижелер қазақ тіл білімін теориялық тұрғыдан толықтыра түседі. Тарихи грамматика, функционалды грамматика салалары бойынша ғылыми мәселелерді шешуге теориялық негіз болады. Қазақ лингвистикасының салыстырмалы-тарихи, антропоөзекті парадигмаларының дамуына өзіндік үлес қосады. Зерттеу мемлекеттік тілдің ғылыми базасын нығайтуға бағытталған, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дүниені танудың ұлттық кодтарын анықтауға септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның жалпы материалдары әртүрлі сөздіктер құрастыруда, оқулықтар мен ғылыми монографиялар жазуда материал бола алады. Жоғары оқу орындарының филология мамандықтарындағы студенттерге қазақ тілінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, функционалды грамматика пәндерін оқытуда, қазақ тілін үйренушілердің тілдік білімін тереңдетуде көмекші материал болады. Сондай-ақ, заман талабына сәйкес, зерттеу тақырыбы аясында түрлі электронды оқу құралдары мен нұсқаулықтар жасауға, әлемжелідегі (интернет) қазақтілді ғылыми мәтіндер қорын толықтыруға материал бола алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланып, ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалған. Жарияланымдардың жалпы саны – 13. Оның ішінде Скопус (Scopus) деректер базасындағы рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 2 мақала, шетелдік халықаралық конференция жинағында 2 мақала, шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, отандық халықаралық конференция жинағында 3 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми журналдарда 4 мақала жарияланған. Сондай-ақ бір ұжымдық монографияға зерттеу нәтижелері еніп, бірлескен авторы атанған.

Әсіресе Скопус (Scopus) деректер базасына енетін рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы екі мақаласының біреуі отандық

кеңесшінің, екіншісі шетелдік кеңесшісінің бірлескен авторлығымен жарық көруі және оның диссертациялық жұмысқа толық енуі – зерттеу нәтижесінің шынайылығы мен сапасын көрсетеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар;

Диссертациялық жұмыспен мұқият таныса келе, диссертант болашақтағы ізденістерінде ескерер деген мақсатта төмендегі ескертпелерді көрсетеміз:

1. 2-тарау өте ауқымды болғандықтан, 112, 118, 123 беттерде берілген тақырыптарды тармақша етіп бөлгенде, мазмұн жүйелілігі арта түскен болар еді.

2. Екінші тараудың «Мөлшер категориясының түркі тілдерінің орта дәуіріндегі (X-XIIғғ.) функционалды-семантикалық өрісі» деп аталатын тараушасы толығымен М.Қашқари сөздігіне арналған. Осы себепті де, «М.Қашқари сөздігіндегі мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі» деп аталса дұрыс болар еді деп ойлаймын.

3. Үшінші тарауда жеке-жеке тараушаға бөлініп сипатталған Көлем, Сыйымдылық, Салмақ, Уақыт, Аудан, Сан мөлшері, Құн, Сапа т.б. ұғымдық парадигмаларды жекелеп емес, жұптап, біріктіріп бергенде болар еді. Мысалы, «Көлем мен Аудан ұғымының тілдік парадигмасы», «Салмақ пен Сыйымдылық ұғымының тілдік парадигмасы», «Құн мен Сапа ұғымының тілдік парадигмасы» т.с.с.

Ізденуші алдағы уақытта мөлшер категориясын жан-жақты зерттеу мақсатын қойған. Осыған орай ұсыныстар:

1) Мөлшер категориясының функционалды стильдің барлық түрлеріндегі ерекшеліктерін анықтау қажет. Әсіресе көркем әдеби стильдегі ерекшеліктері барлық тарихи кезеңдер бойынша арнайы зерттеу тақырыбы ретінде қарастыруды сұранып тұр;

2) Әр тарихи кезеңдердегі жұмысқа енбей қалған тілдік деректер толық жинақталып, жұмыстың мазмұны және материалдық аясын ұлғайту;

3) Мөлшер категориясын танымдық, этимологиялық бағытта қарастыру;

4) Осы зерттеулердің нәтижесін түрлі сөздіктер мен нұсқаулықтар, электронды құралдар ретінде шығару;

Алайда бұл ескертпелер мен ұсыныстар жұмыстың жалпы мазмұны мен сапасына, құндылығы мен өзектілігіне нұқсан келтірмейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Е.Маралбектің «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы» (лингвистикалық аспектіде) атты диссертациясы – өзекті тақырыпқа құрылған, жоғары деңгейде жазылған жұмыс. Дереккөздер нақты, әдіс-тәсілдер тиянақты, ғылыми аппараты дұрыс, теориялық-әдіснамалық негіздері айқын, тілі жатық, стилі жақсы. Тараулар арасында байланыс бар, бірінен бірі өрбиді, әр тарауға жеке-жеке қорытынды жасалған. Сілтемелер дұрыс жасалған, ғылыми әдебиеттер дұрыс пайдаланылған. Зерттеудің теориялық негіздері ретінде қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік – бес тілдегі ғылыми әдебиеттер пайдаланылған. Бұл – жұмыстың ең ұтымды жақтарының бірі. Ізденуші

зерттеу тақырыбын ашу үшін аз еңбектенбегені байқалады, тақырыпты жақсы меңгерген. Диссертация ғылыми жұмыстарға қойылатын және ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкес, толық аяқталған.

Осы айтылған сараптамалар негізінде диссертациялық жұмыстың авторы Маралбек Ермұхамет «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағаланады.

Ресми рецензент:
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің ректоры,
филология ғылымдарының докторы **Е.Б. Саурықов**

Е. Сауықовтың қолтаңбасын
растаймын
Ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімінің
бастығы